

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Беларусь Республикасының аумағында және Беларусь Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 273-V ҚРЗ

2013 жылғы 4 қазанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Беларусь Республикасының аумағында және Беларусь Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

**Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы
Қазақстан Республикасы азаматтарының Беларусь Республикасының
аумағында және Беларусь Республикасы азаматтарының Қазақстан
Республикасының аумағында болу тәртібі туралы**

КЕЛІСІМ

**(2015 жылғы 29 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының
халықаралық шарттары бюллетені, 2015 ж., № 2, 17-құжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Беларусь
Р е с п у б л и к а с ы

Тараптар арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту, олардың
азаматтарының жол жүруін құқықтық реттеу мақсатында,

1996 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы
арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартты басшылыққа ала отырып,

бір Тарап азаматтарының екінші Тараптың аумағында болуы үшін қолайлы
жағдайлар жасауға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Екінші Тараптың аумағында уақытша болатын бір Тараптың азаматтары болатын
Тараптың құзыретті органдарында олар кірген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде
тіркелу (болатын жері бойынша есепке қою) міндетінен босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген уақытша болу мерзімі болатын Тараптың
аумағына кіру кезінде қойылған шекара қызметі органдарының белгісі бар көші-қон

картасымен расталған бір Тарап азаматының екінші Тараптың аумағына кірген күнінен
б а с т а п е с е п т е л е д і .

3. Бір Тараптың азаматы екінші Тараптың аумағында 30 күннен артық болған жағдайда, аталған азамат болатын Тараптың заңнамасына сәйкес оның құзыретті органдарында тіркелуге (болатын жері бойынша есепке тұруға) міндетті.

2-бап

Бір Тараптың азаматтары екінші Тараптың аумағында болған кезеңде 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының және 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының ережелеріне нұқсан келтірмей, болатын Тараптың заңнамасын сақтауға міндетті.

3-бап

Бір Тараптың азаматтары мынадай жарамды құжаттар бойынша халықаралық өткізу пункттері арқылы екінші Тараптың аумағына кіреді (шығады):

Қазақстан Республикасы үшін:
Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
Қазақстан Республикасы азаматының дипломаттық паспорты;
Қазақстан Республикасы азаматының қызметтік паспорты;
Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі;
қайтып оралуға арналған куәлік (тек қана Қазақстан Республикасына қайтып оралу үшін) ;

Беларусь Республикасы үшін:
Беларусь Республикасы азаматының паспорты;
Беларусь Республикасы азаматының қызметтік паспорты;
Беларусь Республикасы азаматының дипломаттық паспорты;
Беларусь Республикасы теңізшісінің ұлттық жеке куәлігі;
Беларусь Республикасына қайтып оралуға арналған куәлік (тек қана Беларусь Республикасына қайтып оралу үшін).

4-бап

1. Тараптар осы Келісімді қолдану мақсатында оған қол қойылған күннен бастап 30 күн мерзімде осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген құжаттардың үлгілерін дипломатиялық арналар арқылы алмасады.

2. Тараптар осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген құжаттардағы өзгерістер туралы

бір-бірін жазбаша хабардар етеді, сондай-ақ олар ресми енгізілген кезге дейін 30 күннен кешіктірмейтін мерзімде өзгертілген құжаттардың үлгілерін дипломатиялық арналар арқылы жібереді.

5-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:
Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасының Ішкі істер министрлігі
болып табылады.

6-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөліктері болып табылатын және жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты туындайтын даулы мәселелер консультациялар мен келіссөздер өткізу арқылы шешіледі.

8-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын тоқтату туралы екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар ете отырып, оның қолданысын тоқтата алады. Бұл жағдайда осы Келісім мұндай хабарлама алынған күннен бастап алты ай өткен соң қ о л д а н ы с ы н т о қ т а т а д ы .

3. Әрбір Тарап ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп пен халық денсаулығы мүдделерінде осы Келісімнің қолданысын толық немесе ішінара тоқтата алады. Қабылданған шешім туралы жазбаша хабарлама екінші Тарапқа осындай тоқтата тұруға дейін 72 сағаттан кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы жібереді.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген себептер бойынша осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған Тарап осы Келісімнің қолданысын қайта бастау туралы екінші Тарапқа дәл осындай тәртіппен хабарлайды.

2013 жылғы 4 қазанда Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда,
Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланады.

Қазақстан Республикасы
үшін

Беларусь Республикасы

үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК